

ОӘК 338.482.22

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІНІҢ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Ахметова Елдана Канатовна

eldanka_19@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А. Х. Муканов

Бүгінгі таңда туризм елдердің экономикасының дамуында жетекші рөлдердің біріне ие. Еліміз туризм саласын дамытуда өзінің әсем табиғатына, туристерге қолайлы жағдай жасай алатын климатына, қайталанбайтын көне ескерткіштеріне және т.б. факторларға байланысты көптеген мүмкіндіктерге ие болып отыр. Алайда, өкінішке орай, мұндай мүмкіндіктер көбінесе өз жағдайында қолданылмай жатқандығын байқауымызға болады. Соған байланысты, елімізде қазіргі заманға сай жасалған инфрақұрылымдық кешендер мен халықаралық стандартта жауап бере алатын туристік орындардың орналастыру секторларын ұйымдастыра білу өте маңызды. Әсіресе, қонақ үй индустриясы туризмнің ең маңызды, негізгі бөлігі болып саналады. Өйткені, қонақ үй кәсіпорындары туристің демалыс кезіндегі орналасу, тамақтану, туристер қауіпсіздігі, денсаулық сақтау сияқты бірінші кезектегі қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете алады.

Қонақ үй бизнесі қызмет көрсету сферасындағы экономикалық жағынан қарқынды дамып келе жатқан секторлардың бірі болып табылады, сонымен бірге қонақ үй бизнесінің дамуы халықтың әл-ауқатының өсуінің көрсеткіші деп санауға болады.

Қонақ үй шаруашылығы әлем бойынша ең жылдам дамып келе жатқан салалардың біріне айналды. Қонақ үй шаруашылығы ежелден қалыптасқан қонақжайлылықтан бастау алса, қонақ үй шаруашылығы ірі индустрия – туризмге саласына жатады. Қонақ үй шаруашылығы ежелгі кезден адамдар ұстанып келе жатқан дәстүрлерді ұстану мен көрсетудің нәтижесінде ілгері жылжып дамыды, яғни қонақжайлылықпен қонақтарды қарсы алып, шығарып салу, оларға құрметпен қарау және сапалы қызмет көрсету. Қонақ үй шаруашылығы туризмнің бір саласы болғандықтан, қызметкерлердің мәдениетті, тәрбиелі болуы, кәсіби түрде қызмет көрсете алуы өте маңызды болып табылады.

Қазақстан жеріндегі қонақ үй индустриясының тамыры тереңге жайылған. Қонақ үй индустриясының пайда болуын бұрынғы кездегі қоныс орындарының, көлік және сауда қатынастарының дамуымен байланыстыруға болады. Ең алғашқы қонақ үй орындарына ұқсас кәсіпорындардың ашылуын біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларына жатқызуға болады. Ұлы Жібек жолындағы орындардың зерттелуінен ежелгі көпестермен туристердің үлкен керуендермен түйелер арқылы қатынасатынын білдік. Олар керуен жолы бойындағы қалаларда немесе елді-мекендерде шатыр құрып тұрақтайтын болған. Қазақ хандығының құрылуы қонақ үй индустриясының дамуына ешқандай кері әсерін тигізбей, жоғары деңгейде дамуды байқатады. Қонақ үй кәсіпорындары дамуының одан кейінгі тарихы Қазақстанның Ресей еліне қосылу кезеңі болып табылады. XIX ғасырдың алғашқы кезеңінің соңғы жағына қарай Қазақстан толықтай Ресей империясының қол астына өткен кезде соғыс қорғаныстарын, жаңа жолмен қалалардың салынуы қонақ үй шаруашылығының одан ары дамуын талап етті. Сол жылдардағы қонақ үйлердің мысалы ретінде бекеттірді, қонақ үй палаткалармен шатырларды айтуға болады. Осылайша, бір қарқынмен дамыған еліміздің қонақ үй шаруашылығы 1903 жылы «Европа» атты алғашқы Алматы қаласындағы қонақ үйдің салынуына алып келді. Сол кезеңнен бастап туристерге қызмет көрсететін қонақ үйлер саны көбейіп, көптеген қонақ үйлер салына бастады[1].

Қазақстан қонақ үй бизнесін дамыту үшін барлық мүмкіндіктер ие ел. Еліміздің бай тарихы, сирек кездесетін көне ескерткіштері, өзіндік ерекшелігі бар мәдениеті, саяси жағдайдың тұрақтылығы және ынтымақтастыққа деген дайындығы – осының бәрі туристік саланың және қонақ үй саласының да жедел дамуына ықпал етеді[2].

Қазіргі таңда туризм саласында маңызды рөл атқаратын секторлардың бірі ретінде айта кеткендей, орналастыру орындарын қарастыруға болады. Олардың саны күннен күйге артуға, ал бұл туризмнің дамуына оң әсерін тигізеді. Егер 2009 жылы елдің қонақ үй қызметінде ұсыныс сұраныстан асып түсіп, баға баяу өсіп, әр клиент үшін таласуға тура келсе, 2015 жылдан бастап жағдай өзгере бастады –орналастыру орындарына деген сұраныс ел бойынша өсе бастады, ал ірі мегаполистерде жоғары санаттағы қонақ үйлер дами бастаған. Ресми деректер бойынша, 2019 жылдың қорытындыларына сәйкес елде соңғы он жылда орналастыру орындарының саны 1235-тен 3592-ге жеткен. Ал статистика комитетінде тіркелген бөлмелер көлемі 2019 жылы 2 есе артып, 75913-ке жеткен. Курорттық аймақтарда орналастыру орындарының саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,1% ұлғайып, 20836 бөлмелер санымен 1009 бірлікті құрап, көрсетілген қызметтердің көлемі 17059,7 миллион теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезеңге салыстырмалы бағаларда 34,8%-ға көп. 2019 жылғы қаңтар-желтоқсанда курорттық аймақтарға 1214,0 мың ішкі және 24,9 мың кірген келушілер келді [3].

Кесте 1

Аймақтар бойынша 2015-2019 ж.ж. орналастыру орындарының саны


	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	2 338	2 754	2 987	3 322	3592
Ақмола	319	292	281	287	370

Ақтөбе	70	86	98	102	105
Алматы	306	400	449	519	540
Атырау	65	75	85	91	100
Батыс Қазақстан	58	68	72	74	67
Жамбыл	126	146	154	178	185
Қарағанды	208	225	232	253	250
Қостанай	107	111	119	139	141
Қызылорда	75	90	90	98	108
Маңғыстау	63	83	78	82	92
Оңтүстік Қазақстан	131	177	224	97	112
Павлодар	78	101	97	112	119
Солтүстік Қазақстан	66	91	101	148	164
Шығыс Қазақстан	371	455	505	537	576
Нұр-Сұлтан қаласы	160	194	218	213	208
Алматы қаласы	135	160	184	286	339
Шымкент қаласы				106	116
<i>Ескерту – мәліметтер [3] ақпараттар негізінде құрастырылған.</i>					

Бұл кестеден орналастыру орындарының саны жылдан жылға көбейіп отырғанын байқауымызға болады. Көбеюінің себепшісі ретінде елімізде жыл сайын өткізіліп жатқан іс-шаралар айтуымызға болады. Әсіресе, 2017 жылғы Нұр-Сұлтан қаласында өткен ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін атап өткен жөн. ЕХРО-2017 көрмесіне орай Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық қонақ үй желілері көбейген болатын. Мысалы, ЕХРО-2017 өткізілетін кезеңге дейін Нұр-Сұлтан қаласында 12 482 орынға арналған 164 қонақ үй бар болатын. ЕХРО-2017 өткізілетін кезеңде 2 829 орынға есептелген тағы 23 қонақ үй кешенін пайдалануға берілді. Бұл іс-шарадан кейін де бірқатар қонақ үйлер тұрғызыла бастады.

Орналастыру орындарының негізгі бөлігі (63,3 %) Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақмола, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және тиісінше Астана қаласында шоғырланған (кесте 1).

Елдегі қонақ үйлердің деңгейіне тоқталсақ: бұл кәсіптегі орналастыру орындарының жалпы санының 62,4 %-ын қонақүйлер құрайтынын, олардың 10,1 %-ының санаты бар, 52,3 %-ының санаты жоқ қонақүйлер, ал 37,6 %-ы өзге де орналасу орындары екенін атап өту қажет. Қазіргі таңда жалпы қонақ үй номерлерінің саны бойынша халықаралық қонақ үйлердің 75% Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында орналасса, қалған 25% басқа аймақтарда орналасқан. Орналастыру орындарын қолданған туристердің саны соңғы 5 жылда 2 есе артқан. 2015 жылы келушілер саны – 3 802 225 болса, 2019 жылы олардың саны – 6 266 563-ке жеткенін байқауымызға болады.



Ескерту – мәліметтер [3] негізінде автормен құрастырылған.


Сурет 1. ҚР орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны.

Орналастыру орындарындағы толтырымдылықты қарастыратын болсақ, 2019

жылы орналастыру орындарының толтырылымы 23,7%-ды (2015 жылы – 23,5 %) құрады. Санаты бар қонақүйлердегі орташа деңгейдегі толтырылым 24,3 %-ды, ал санаты жоқ қонақүйлерде 19,3 %-ды құрады. Бұл ретте толтырылымның барынша жоғары деңгейі 5* санатты қонақүйлерде (31,1 %), ең төменгі деңгей 1* санаты бар қонақ үйлерде (14,6 %) тіркелген.

2019 жылы жатын-орын толтырылымының анағұрлым жоғары деңгейі Батыс Қазақстанда – 32,7 %, Шығыс Қазақстанда – 27,6 % және Алматы қаласында – 24,3 %, Шымкент қаласында - 26,8%. Көрсетілген анықтамалардан ең жоғарғы толтырылымдық пайызы Батыс өңірлерінде белгіленген. Өйткені орналастыру орындарының басты клиенттері іскерлік адамдар және ол адамдарға осы аймақтар тартымдырақ. Ең төменгі толтырылым деңгейі Қызылорда (13,3 %) және Жамбыл облыстарында (16,9 %) тіркелген. Нұр-Сұлтан қаласының қонақ үйлердегі толтырылым 24,1 %-ды құрады.

Ал орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемін қарастыратын болсақ, 2019 жылғы статистикалық деректер бойынша 120,5 млрд теңге көлемінде қызмет көрсетілген немесе 2015 жылмен салыстырғанда 66%-ға артқан (сурет 1).



Ескерту – мәліметтер [3] негізінде автормен құрастырылған

Сурет 2. 2015-2019 ж.ж. орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі.

Бұл көрсеткіштерді талдай отыра, қазіргі таңда орналастыру орындарының саны, оның толтырылымы, оған келушілер саны, көрсетілген қызмет саны және т.б жыл сайын артып, қонақ үй бизнесінің дамуына ықпал ете отыра, туризмге оң әсерін тигізіп отырғанын байқауға болады. Сонымен қоса, бұл көрсеткіштердің өсуі еліміздегі қонақ үйлерде жаңа тенденцияларды пайда болуына да өзіндік септігін тигізуде десек болады.

Қонақ үй саласының әлеуетті дамуына бірнеше келесідей факторлар әсер етіп отыр:

- сала әлемдік тәжірибеде зерттелген болып есептеледі және оны жаңғырту мақсатында түрлі тексерілген технологиялар мен шешімдер бар;
- нарық әлеуетті инвесторлар мен жеке қаржыландыру көздері үшін ашық болып табылады;
- ел аумағында халықаралық қонақ үйлер желісін ашуға шетелдік өкілдіктердің мүдделілігі;
- саладағы мемлекеттік қолдаулардың болуы[4].

Қазіргі таңда қонақ үй бизнесіндегі кәсіпкерлердің қызығушылығы орта деңгейдегі қонақ үйлерге артып отыр. Себебі, келушілердің сұранысы осы деңгейдегі қонақ үйлерге, ондағы қолжетімді бағаға, жайлылыққа түсуде. Сондықтан қазір 3 және 4 жұлдызды қонақ үйлер қатары көбеюде. Сонымен қоса, қазіргі таңдағы саланы дамыту мақсатында қонақ үйлер түрлі технологияларды қолданып жұмыс атқаруда. Бұл технологияларды қолданып тек дамыту ғана қолға алынбайды, келушілерді тіркеу сияқты қызметтер алдын ала жүргізілгендіктен, көп уақыт қажет етпейтін болады. Яғни, уақыт та үнемделетін болады.

Қонақ үй саласында өзгерістер пайда болып, саланың алға жылжуына өзіндік пайдасын тигізуде. Ол өзгерістер жаңашылдықпен сәйкес келеді. Сонымен қазіргі кездегі қонақ үй саласындағы жаңа тенденциялар қатарын көрсетіп кетуімізге болады. Олар:

- виртуалды қауымдастықтардың болуы;
- онлайн брондау құрылғыларының қолданылуы;

- цифрлік технологиялар көптігі;
- қызметкерлердің кәсіби этикасы;
- лидерлік қасиеттің жоғары деңгейі;
- дербестік.

Аталып кеткен тенденциялармен қатар қазіргі таңда әлемде қонақ үйдің стандартты түрінен бөлек басқа түрлерін қолдану жаңа трендке айналған. Яғни, бутик қонақ үйлер, эко қонақ үйлер және т.б. пайда бола бастаған.

Сонымен, қонақ үй бизнесі бүгінгі күннің өзекті салаларының біріне айналып отыр. Елімізде бұл бизнес түрі соңғы уақытта жақсы өріс алуда. Кәсіпкерлердің қызығушылығы қонақ үй бизнесіне түсіп, қонақ үйлер қатары күннен күнге артып келеді. Қонақ үйлер саны ғана көбейіп қоймай, олардың толтырымдылығы, ондағы қызмет көрсетілген келушілер саны да жылдан жылға артып отыр. Сонымен қоса, бүгінгі күн жаңашылдықтарды көп қажет ететіндіктен, бұл салада да жаңа тенденциялар пайда болуда. Мысалы, қонақ үйлерде жаңа технологияларды қолдану арқылы қызмет көрсету жылдамдығы артты, қонақ үйлердің жаңа түрлері пайда бола бастады. Осындай өзгерістер саланы дамуы үшін өзіндік үлесін қосып отыр. Қорытындылай келе, қонақ үй бизнесі әлемдегі ең бір құлдырауды білмейтін экономикалық сала екендігіне көз жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. www.massaget.kz
2. stat.gov.kz
3. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана».
4. Предоставление услуг гостиницами в Республике Казахстан, Алмата, 2018